

## Террористік әрекеттен зардап шеккен балаларды әлеуметтік оңалту қағидалары мен мерзімдерін бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 4 қыркүйектегі № 382 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2020 жылғы 4 қыркүйекте № 21172 болып тіркелді.

"Терроризмге қарсы іс-қимыл туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 17-1-бабына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

Ескерту. Кіріспе жаңа редакцияда – ҚР Оқу-ағарту министрінің 29.06.2023 ( алғашқы ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) № 186 бұйрығымен.

1. Қоса беріліп отырған Террористік әрекеттен зардап шеккен балаларды әлеуметтік оңалту қағидалары мен мерзімдері бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Балалардың құқықтарын қорғау комитеті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды;

3) осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Заң департаментіне осы тармақтың 1) және 2) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Білім және ғылым вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының  
Білім және ғылым министрі

А. Аймағамбетов

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы

Ақпарат және қоғамдық

даму министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы

Денсаулық сақтау министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы

Ұлттық қауіпсіздік комитеті

Қазақстан Республикасы  
Білім және ғылым министрінің  
2020 жылғы 4 қыркүйегі  
№ 382 бұйрығымен  
бекітілген

## **Террористік әрекеттен зардап шеккен балаларды әлеуметтік оңалту қағидалары мен мерзімдері**

### **1-тарау. Жалпы ережелер**

1. Осы Террористік әрекеттен зардап шеккен балаларды әлеуметтік оңалту қағидалары мен мерзімдері (бұдан әрі – Қағидалар) "Терроризмге қарсы іс-қимыл туралы" 1999 жылғы 13 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының 17-1-бабына сәйкес әзірленді және террористік әрекеттен зардап шеккен балаларды әлеуметтік оңалтуды жүзеге асыру тәртібі мен мерзімдерін айқындайды.

2. Әлеуметтік оңалтуды жергілікті атқарушы органдар террористік әрекеттен зардап шеккен балалар келген сәттен бастап баланың заңды өкілдерінің бірінің соңғы тұрған жері бойынша жүзеге асырады.

### **2 тарау. Террористік әрекеттен зардап шеккен балаларды әлеуметтік оңалту тәртібі мен мерзімдері**

3. Террористік әрекеттен зардап шеккен балаларды әлеуметтік оңалту келесі жағдайларда көрсетіледі:

1) заңды өкілдерінің бірі Қазақстан Республикасының азаматы болып табылатын баланы террористік немесе экстремистік ұйым қатысатын жауынгерлік іс-қимылдар аймақтарынан және (немесе) террористік немесе экстремистік ұйым бақылайтын аумақтардан шет елдерде Қазақстан Республикасына қайтару;

2) экстремизмге немесе терроризмге байланысты қылмыстар жасады деген күдік немесе айыптау бойынша заңды өкілдердің бірін ұстау (қамауға алу) немесе осындай қылмыстар жасағаны үшін жазасын өтеу;

3) террористік немесе экстремистік әрекетті дайындауға немесе жүзеге асыруға байланысты заңды өкілдердің бірінің қаза табуы.

4. Әлеуметтік оңалтуды жүзеге асыру үшін Қағидалардың 3-тармағында көрсетілген мәліметтердің Қазақстан Республикасының Балалардың құқықтарын қорғау саласындағы уәкілетті органына (бұдан әрі – балалардың құқықтарын қорғау

саласындағы орган) балаларға және заңды өкілдеріне қатысты Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздік органдарынан олардың сауалнамалық деректерін (тегі, аты, әкесінің аты (бар болса)), туған күні мен жері, егер бар болса.

5. Террористік әрекеттен зардап шеккен балаларды әлеуметтік оңалту мерзімі балалардың құқықтарын қорғау саласындағы орган тарапынан дәлелді негіздеме болған кезде жыл сайын ұзартылуы мүмкін күнтізбелік жылға белгіленеді.

6. Балалардың құқықтарын қорғау саласындағы орган алынған мәліметтер негізінде Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 31 желтоқсандағы № 1196 қаулысымен бекітілген Мәліметтерді таратылуы шектелген қызметтік ақпаратқа жатқызу және онымен жұмыс істеу қағидаларына сәйкес террористік әрекеттен зардап шеккен балаларға арналған дерекқорды қалыптастырады.

7. Балалардың құқықтарын қорғау саласындағы орган Қазақстан Республикасы ұлттық қауіпсіздік органдарынан мәліметтер келіп түскен сәттен бастап 5 жұмыс күні ішінде осы мәліметтерді баланың заңды өкілдерінің бірінің соңғы тұрған жері бойынша жергілікті атқарушы органдарға жібереді.

8. Жергілікті атқарушы органдар террористік әрекеттен зардап шеккен балалар туралы мәліметтер алған сәттен бастап құқықтық, білім беру, психологиялық, медициналық, мәдени және әлеуметтік-тұрмыстық қызметтер көрсетеді.

9. Облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың, ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) білім беруді басқару органдары (бұдан әрі – білім беруді басқару органдары) балалардың құқықтарын қорғау саласындағы органдан алынған мәліметтерді сақтауды және жүйелеуді қамтамасыз етеді.

10. Білім беруді басқару органдары балалар туралы мәліметтерді алған сәттен бастап баланың психологиялық-медициналық-педагогикалық консультациясын (бұдан әрі – ПМПК) жүргізеді.

11. Жергілікті атқарушы органдар ПМПК қорытындысын алғаннан кейін 20 жұмыс күні ішінде балалардың құқықтарын қорғау саласындағы органмен келісім бойынша террористік әрекеттен зардап шеккен баланы әлеуметтік оңалтудың жеке жоспарын әзірлейді.

12. Террористік әрекеттен зардап шеккен балаларға құқықтық қызметтер құқықтық консультация беру және жеке басын сәйкестендіру үшін қажетті құжаттарды алуға жәрдемдесу бөлігінде көрсетіледі.

13. Террористік әрекеттен зардап шеккен балаларға білім беру қызметтерін білім беру ұйымдары көрсетеді және мыналарды қамтиды:

- 1) әлеуметтік-педагогикалық консультация беру;
- 2) педагогикалық диагностика және баланың даму деңгейін тексеру;
- 3) баланы тәрбиелеу және білім беру процесін ұйымдастыру;
- 4) орта және келісім бойынша қосымша білім алу.

14. Террористік әрекеттен зардап шеккен балаларға психологиялық қызметтерді білім беру, денсаулық сақтау ұйымдарының психологтары (медициналық көмекке жүгінген кезде) көрсетеді және мыналарды қамтиды:

- 1) психологиялық диагностика және тұлғаны тексеру;
- 2) Әлеуметтік-психологиялық патронаж (жүйелі бақылау);
- 3) баланы (балаларды) психологиялық қолдау);
- 4) психологиялық кеңес беру;
- 5) шұғыл психологиялық көмек;
- 6) өзара қолдау топтарында және қарым-қатынас клубтарында сабақтар өткізу.

15. Террористік әрекеттен зардап шеккен балаларға медициналық қызметтерді Денсаулық сақтау ұйымдары "Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы" Қазақстан Республикасының 2020 жылғы 7 шілдедегі Кодексінің 196-бабының 1-тармағына және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 20 маусымдағы № 421 қаулысымен бекітілген Міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесіндегі медициналық көмектің тізбесіне сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітетін тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемінің тізбесі шеңберінде көрсетеді.

16. Террористік әрекеттен зардап шеккен балаларға мәдени қызметтерді білім беру ұйымдары көрсетеді және мыналарды қамтиды:

- 1) клуб және үйірме жұмыстарын ұйымдастыру және өткізу;
- 2) баланы бос уақыт іс-шараларына тарту;

3) жергілікті атқарушы органның тікелей жәрдемдесуімен баланың заңды өкілдерінің діни қызмет саласындағы мамандармен (теологтар мен дінтанушылар) кездесулерін ұйымдастыру.

17. Террористік әрекеттен зардап шеккен балаларға әлеуметтік-тұрмыстық қызметтерді білім беруді басқару органдары көрсетеді және мыналарды қамтиды:

- 1) балалар үйлері мен отбасылық үлгідегі балалар үйлеріне орналастыру;

2) баспаналарға, кәмелетке толмағандарды бейімдеу орталықтарына және арнаулы әлеуметтік көрсетілетін қызметтерге мұқтаж балаларды қолдау орталықтарына орналастыру.

**Ескерту. 17-тармаққа өзгеріс енгізілді – ҚР Оқу-ағарту министрінің 29.06.2023 ( алғашқы ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) № 186 бұйрығымен.**